

**Кеден мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының кейбір заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2370 Заң күші бар Жарлығы.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен Жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттіктер беру туралы" 1993 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының Z933600\_ 1-бабына сәйкес және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығының шығуына байланысты ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

I. Қазақстан Республикасының мына заң актілері мен Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Қазақ КСР-і мен Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 сәуірдегі N 2229 Заң күші бар Жарлығымен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен "Валюталық реттеу туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына Z932100\_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 10, 240-құжат):

4-баптың, 1-тармағы "операцияларда" сөзінен кейін "және Қазақстан Республикасының кеден заңдарымен" сөздерімен толықтырылсын.

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 30 наурыздағы N 2155 Z952155\_ Заң күші бар Жарлығына:

39-бап "төлем құралы" сөздерінен кейін "заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда" сөздерімен толықтырылсын.

3. "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Z952200\_ Заң күші бар Жарлығына:

9-баптың 37-тармақшасы мынадай редакцияда баяндалсын:

"37) жекелеген кеден режимдері шеңберінде, Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет, сондай-ақ кеден қызметтерін көрсету".

4. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235\_ Заң күші бар Жарлығына:

2-баптың 2-тармағы "төлемнің заттай түрі көзделген жағдайлардан басқа кезде" сөздерінен кейін "сондай-ақ салық төлеу Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес шетел валютасында жүзеге асырылған жағдайда" сөздерімен толықтырылсын.

II. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК